


қарағанда, айтарлықтай жоғары:  $40 \text{ кВт/м}^2$  қарсы  $30\text{-}32 \text{ кВт/м}^2$ .

Шынықтыра-буландыру агрегаты (10-сурет) құбырлы жылу алмастырғыш тәрізді, құбырлық кеңістік арқылы пиролиз газы өтеді, құбыр аралық кеңістікке аралық жылу тасымалдағыш немесе арнайы дайындалған химиялық тазаланған су беріледі. Құбыр аралық кеңістік өткізгіш құбырлармен барабан-бу жинағыш арқылы байланысқан.



10-сурет. Шынықтыра-буландыру агрегаты:

*I* — пиролиз газдары; *II* — салқындатылған газдар; *III* — жоғарғы қысымды су буы; *IV* — қоректендіру суы; *V* — үрлейтін линия.

*1* — шынықтыру камерасы; *2* — буландыру бөлімінің алдыңғы камерасы; *3* — жылу алмастырғыш-буландырғыш; *4* — шығатын камера; *5* — барабан-бу жинағыш; *6* — судың циркуляциясы үшін қажетті өткізгіш құбыр

**Процесті автоматтау.** Пиролиз қондырғысы приборлармен және процесті автоматты реттеу жүйелерімен жабдықталған. Буландыру секциясындағы булар қысымы жылу алмастырғыш-буландырғышқа қызған су буын қысымды реттегіш көмегімен автоматты түрде беру арқылы сақталып тұрады. Пиролиздік жыланшалардан шыққан кезде, пешке отынды берудің өзгерісі арқылы, пиролиз газдарының температурасы реттеліп отырады. Пиролиз температурасын пештің жүктемесі мен шикізат құрамы өзгергенде дер кезінде өзгертіп отыру өте маңызды. Қазіргі кезде хроматографтарды қолдану арқылы реттеу сұлбалары енгізілуде. Шикізат құрамын хроматографиялық анализдеу негізінде автоматты түрде режим өзгереді. Автоматты түрде шынықтыруға судың берілуі де пиролиз газының температурасына байланысты, реттеліп отырады.